

**"Хирургиялық пәндер" кафедрасы**

# **Презентация**

**Тақырыбы: Жанаспалы инфекцияның алдын алу.**

**Қабылдаған: :Рамазанов Ж.А**

**Орындаған: Қоңырбай С.**

**Тобы: ЖМ-305-Б**

**Жоспар**

**Кіріспе**

**Асептика**

**Негізгі бөлім:**

**a) Автоклав**

**b) Антисептика**

**c) Жанаспалы жолмен таралу**


**d) Хирургиялық бөлімшенің жұмысын  
ұйымдастыру**

**Пайдаланылған әдебиеттер**


Патогенді микроорганизмдерді науқастың ағзаларына және операциялық жараға тусудің алдын алу бойынша іс-шаралардың жүйесін «Асептика»-деп атайды, а-теріске шығару немесе қарсы, septicus- шіру. Асептика туралы алғашқы жазбалар Гиппократ, Гален, Цельс, Парацельс және т.б. ежелгі медицинаның негізін қалаушылардың еңбектерінде кездеседі.



Алайда, қазіргі асептиканың тарихы 1890 жылдан, танымал неміс хирургі Э.Бергманның атымен байланыстырады. Ол 10-шы Халықаралық хирургтердің Конгресінде асептиканың негізгі қағидаларын және ондағы өзінің жетістіктерін баяндаған. Осы Конгрессте асептиканың негізгі екі қағидасы бекітілді:  
Операциялық жарамен қатынастағылардың барлығы залалсызданған болуы керек.  
Барлық хирургиялық науқастар екі топқа бөлінулері керек: таза және инфекцияға ұшырылған.



1881 жылы неміс хирургтары Роберт Кох және Э.Эсмарх операциялық жабдықтарды, таңғыш материалдарды, тігетін материалдарды және аспаптарды ағымды будың көмегімен залалсыздандыруды ұсынған. Үш жыл өткеннен кейін, 1884 жылы ресей хирургі Л.Гейденрих залалсыздандыру үшін қысымды буды ұсынып, осы мақсатта арнайы қондырғы –автоклав құрастырды, оның принципі осы уақытқа дейін қолданылуда.



Неміс хирургы Шиммельбуш осы автоклавтың ішіне залалсыздандыратын заттарды еңгізу үшін арнай аспап – «бикс» құрастырды.

Жұмсақ жабдықтарды және аспаптарды залалсыздандырудың барлық әдістерін екі топқа бөлуге болады:

А) физикалық

Б) химиялық әдістер.

А) Физикалық әдіске жататын: 1) күйдіру және қайнату, 2) су будың қысымымен залалсыздандыру, 3) ыстық құрғақ ауамен залалсыздандыру 4) сәулемен залалсыздандыру



# АНТИСЕПТИКА - ЖАРАДАҒЫ, ПАТОЛОГИЯЛЫҚ ОШАҚТАҒЫ НЕМЕСЕ ЖАЛПЫ АДАМ ОРГАНИЗМІНДЕГІ МИКРОБТАРДЫ ЖОЮҒА БАҒЫТТАЛҒАН ІС ШАРАЛАР




# ИНФЕКЦИЯНЫҢ КӨЗІ ЖӘНЕ ТАРАЛУ ЖОЛДАРЫ

• НАУҚАС АДАМНЫҢ ОРГАНИЗМІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ИНФЕКЦИЯ ЭНДОГЕНДІ ЖӘНЕ ЭКЗОГЕНДІ БОЛЫП ЕКІГЕ БӨЛІНЕДІ ЭКЗОГЕНДІ ИНФЕКЦИЯНЫҢ ОРГАНИЗМГЕ ЕНУ ЖОЛДАРЫ:

**ЖАНАСПАЛЫ ЖОЛМЕН** (ИНФЕКЦИЯЛАНҒАН ҚҰРАЛАСПАПТАР, ТАҢҒЫШ МАТЕРИАЛДАР ЖӘНЕ Т. Б. ЗАТТАР ЖАРАҒА ТИГЕН КЕЗДЕ)



**АУА-ТАМШЫЛАРЫ АРҚЫЛЫ**

**ИМПЛАНТАЦИЯЛЫҚ ЖОЛМЕН** (МИКРООРГАНИЗМДЕР ЖАРАҒА ТІГУ МАТЕРИАЛДАРЫ ЖӘНЕ ӘРТҮРЛІ ПРОТЕЗДЕР АРҚЫЛЫ ТҮСКЕН КЕЗДЕ)







**ЭНДОГЕНДІК ИНФЕКЦИЯНЫҢ КӨЗІ БОЛЫП ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖАРАДАН ТЫС ОРНАЛАСҚАН ОРГАНИЗМ МҮШЕЛЕРІНДЕГІ СОЗЫЛМАЛЫ ҚАБЫНУ ПРОЦЕССТЕРІ (ТЕРІНІҢ СОЗЫЛМАЛЫ АУРУЛАРЫ, ТІСТІҢ КАРИЕСІ, СОЗЫЛМАЛЫ ТОНЗИЛИТ ЖӘНЕ Т. Б. ) НЕМЕСЕ ОПЕРАЦИЯ ЖАСАЛЫП ЖАТҚАН АҒЗАЛАР (АППЕНДИЦИТ, ХОЛЕЦИСТИТ, ОСТЕОМИЕЛИТ), СОНЫМЕН ҚАТАР АУЫЗ ҚУЫСЫНЫҢ, ШЕКТІҢ, ТЫНЫС ЖӘНЕ НЕСЕП ЖОЛДАРДАРЫНЫҢ САПРОФИТТІ МИКРОФЛОРАСЫ БОЛУЫ МҮМКІН.**



# ЭНДОГЕНДІК ИНФЕКЦИЯНЫҢ ТАРАЛУ ЖОЛДАРЫ

- ГЕМАТОГЕНДІ
- ЛИМФОГЕНДІ
- ЖАНАСПАЛЫ (КОНТАКТНЫЙ)

## Патоморфология остеомиелита



## **ХИРУРГИЯ БӨЛІМШЕСІ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

- ХИРУРГИЯ БӨЛІМШЕСІ 1 -ҚАБАТТАН ЖОҒАРЫ ОРНАЛАСУЫ ТИІС;
- ӘР ПАЛАТАДА 2 -4 ТӨСЕКТЕН БОЛУЫ ШАРТ;
- ПАЛАТАЛАР КЕҢ БОЛУЫ ТИІС (ӘР ТӨСЕККЕЕ ШАМАМЕН 6, 5 -7, 5 ҚВ. М. ОРЫН БӨЛІНЕДІ);
- ӘР ПАЛАТАДАҒЫ ЗАТТАР ТАЗАЛАУҒА ОҢАЙ МАТЕРИАЛДАРДАН ЖАСАЛУЫ ТИІС (ТЕМІР НЕМЕСЕ АҒАШ ТӨСЕК, ТУМБОЧКА, СТОЛ, ОРЫНДЫҚТАР, КИІМ ІЛГІШ ЖӘНЕ Т. Б. )
- ӘР ПАЛАТАДА СТАЦИОНАРЛЫҚ НЕМЕСЕ ТАСЫМАЛДЫ УЛЬТРАКҮЛГІН ЛАПЫЛАРЫ БОЛУЫ ТИІС
- ЖЕКЕ ЖАРА ТАҢУ ЖӘНЕ ЕГУ БӨЛМЕЛЕРІНІҢ БОЛУ ШАРТ
- ХИРУРГИЯ БӨЛІМШЕСІНДЕГІ ТАЗАЛАУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ: АЛДЫН АЛА, ЖҰМЫС БАРЫСЫНДА, ҚОРТЫНДЫ ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ



# ОПЕРАЦИЯЛЫҚ БӨЛІМШЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

• ОПЕРАЦИЯ ЖАСАЙТЫН БӨЛІМШЕ ҚҰРАМЫНА ОПЕРАЦИЯЛЫҚ БӨЛМЕ ЖӘНЕ ҚОСАЛҚЫ БӨЛМЕЛЕР КІРЕДІ. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ БӨЛІМШЕ БІРІНШІ ҚАБАТТАН ЖОҒАРЫ, ХИРУРГИЯЛЫҚ БӨЛІМШЕГЕ ЖАҚЫН, КӨЛІК ЖОЛДАРЫНАН АЛШАҚ ОРНАСУЫ ТИІС.

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ БӨЛІМШЕ ФУНКЦИОНАЛДЫ АЙМАҚТАРЫ:

1 -ШІ АЙМАҚҚА (ЗАЛАЛСЫЗДАНҒАН АЙМАҚҚА) ОПЕРАЦИЯ ЖАСАЙТЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРУ БӨЛМЕЛЕРІ КІРЕДІ.

2 -ШІ АЙМАҚҚА (ҚАТАҢ ТҮЗІМ АЙМАҒЫНА) ОПЕРАЦИЯ АЛДЫНДАҒЫ ЖӘНЕ НАРКОЗ БЕРУ БӨЛМЕЛЕРІ КІРЕДІ

3 -ШІ АЙМАҚҚА (ШЕКТЕУЛІ ТҮЗІМ АЙМАҒЫ) ҚАН ПРЕПАРАТТАРЫН, ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАРДЫ САҚТАУ БӨЛМЕЛЕРІ, ХИРУРГТАРДЫҢ ЖӘНЕ МЕДБИКЕЛЕРДІҢ БӨЛМЕЛЕРІ КІРЕДІ.

4 -ШІ ЖАЛПЫ ТҮЗІМ АЙМАҒЫНА БӨЛІМ МЕНҒЕРУШІСІНІҢ, АҒА МЕДБИКЕ, ОПЕРАЦИЯДА ҚОЛДАНЫЛҒАН ЖАПҚЫШТАРДЫ САҚТАУ ЖӘНЕ Т. Б. БӨЛМЕЛЕР КІРЕДІ



# ОПЕРАЦИЯЛЫҚ БӨЛІМШЕДЕГІ ТАЗАЛАУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

- АЛДЫН АЛА ТАЗАЛАУ
- АҒЫМДЫҚ ТАЗАЛАУ
- ОПЕРАЦИЯДАН КЕЙІНГІ ТАЗАЛАУ
- ҚОРТЫНДЫ ТАЗАЛАУ
- КҮРДЕЛІ ТАЗАЛАУ



## Жанаспалы инфекцияның алдын алу

Жанаспалы инфекцияны алдын алуда хирургтардың қолдарын, операцияда қолданатын барлық жабдықтарды, хирургиялық аспаптарды, науқастың терісінің операциялық аймғын, операция алдында және операциядан кейін залалсыздандыру арқылы жүзеге асырады.

Хирургтың қолын залалсыздандыру. Хирургтың қолы әрдайым күтілген, сызатсыз, тырнақтары қысқа кесілген болуы керек. Хирург қолын өңдеу алдында, ағын сумен сабындап жуады. Жуыну кезінде су қол ұшынан бастап шынтаққа қарай бағыттталып ағатындай етіп ұстайды. Келесі тәртіпті есте сақтау керек:



1. Сол қолдың әрбір саусақтарының алақан жағын жуады.
2. Сол қолдың әрбір саусақтарының сырт жағын жуады.
3. Сол қолдың саусақтар аралығын жуады.
4. Сол қолдың тырнақ аймағы арнасын жуады.
5. Дәл осы ретпен оң қолды жуады.
6. Сол қолдың алақан жағын жуады.
7. Сол қолдың сырт жағын жуады.
8. Оң қолдың алақан жағын жуады.
9. Оң қолдың сыртын жуады.
10. Сол жақ білезікті жуады.
11. Оң жақ білезікті жуады.
12. Сол қолдың білегін жуады.
13. Оң қолдың білегін жуады.

Қолды ағын сумен сабындап және ысқылап жуғаннан кейін , қол өңдеуін әртүрлі әдістер арқылы орындауға болады.



# ЖАНАСПАЛЫ ИНФЕКЦИЯНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

- ОПЕРАЦИЯДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЖАЙМАЛАРДЫ ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРУ
- ТАҢҒЫШ ЖӘНЕ ТІГЕТІН МАТЕРИАЛДАРДЫ ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРУ
- ҚҰРАЛ АСПАПТАРДЫ ЗАЛАСЫЗДАНДЫРУ
- ХИРУРГ ҚОЛЫН ӨҢДЕУ (ҚОЛДЫҢ КҮТІМІ, ЛАСТАНУЫН, ЖАРҚАТТАНУЫН БОЛДЫРМАУ, ҚОЛДЫ БЕЛГІЛІ БІР ӘДІС БОЙЫНША ӨҢДЕУ )
- ОПЕРАЦИЯ ЖАСАЛАТЫН АЙМАҚТЫ ӨҢДЕУ (ГРОССИХФИЛОНЧИКОВ ӘДІСІ КЕҢІНЕН ҚОЛДАНЫЛАДЫ)

